

## Кептірілген кокос жаңғақтарына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкаларын белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 20 қазандағы № 131 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 0801 11 000 0 кодымен сыныпталатын кептірілген кокос жаңғақтарына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу бажының ставкасы осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін кедендік құннан 0 % мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) төртінші графадағы ЕАЭО СЭҚ ТН 0801 11 000 0 коды бар позиция ескертуге " 81С)" сілтемемен толықтырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертулер мынадай мазмұндағы 81С ескертумен толықтырылсын:

"81С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшерінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 20 қазандағы № 131 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.12.2023 жылға дейін қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*В. Назаренко*